| «М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледж»<br>Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | | Актауский Транспортный колледж КазАТК имени. М.Тынышпаева<br>Товарищество с ограниченной ответственностью |
|---|---|---|
| **ТӘРБИЕ БӨЛІМІ<br>СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ** | | |

**Бекітемін**
«М.Тынышбаев атындағы
ҚазККА
Ақтау көлік колледжі»
ЖШС директоры
Н.Д.Бертаев
«__» _____ 2024 жыл

# 2024 - 2025 оқу жылына арналған М.Тынышпаев атындағы Ақтау көлік колледжінің Студенттік Парламенттінің жұмыс жоспар бағдарламасы

**Енгізілді:**
Педагог-ұйымдастырушы
_____ Б.Б.Кенжекен

**Келісілді:**
ДТІЖ орынбасары
_____ А.Б.Байсеитова

# *СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ*

**Студенттік Парламенттің мақсаты**: жастардың табысты әлеуметтенуі мен өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, білім алушылардың туындайтын мәселелерді өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ колледж жастарының жан-жақты дамуына, оның рухани, мәдени, білім беру және кәсіби тәрбиесін қалыптастыруға, студенттік бастамаларды қолдауға жәрдемдесу болып табылады;

**Студенттік Парламент жұмысының мақсаттары мен міндеттері:**

1. Тәрбие жұмысының жоспарын жасау және оның орындалуын бақылап жүзеге асыру;
2. Білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
3. Колледж және тәрбие беру шеңберінде өткізілетін іс-шараларға жәрдемдесу;
4. Білім алушылардың санасы мен олардың өз білім деңгейлеріне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға, тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
5. Студенттік мәселелерді бірлесіп зерттеу және шешу
6. Ұлтына, әлеуметтік жағдайына, дініне, тіліне қарамастан студенттердің құқықтарын қамтамасыз ету;
7. Мемлекеттік органдарда, қала әкімшіліктерінде және аймақтарда, колледжде академияда өткізілетін әртүрлі іс-шараларға оқытушы құрамы және студенттердің қатысуын, ұйымдастыруын қадағалау;
8. Олимпиадаларды, студенттердің ғылыми, ғылыми-тәжірибелік конференцияларын, сайыстырды ұйымдастыру;
9. Жалпы білім беретін мектептер, колледждер, лицейлер арасында профориентациялық жұмыстарды жүргізуді қадағалау;
10. Оқу корпустарында кезекшілік кестесін жасау және қадағалау (бақылау);
11. Топ жетекшілерімен мұражайға, театрға, көрмелерге баруды ұйымдастыру және қадағалау;
12. Іс-шараларға бағытталған дайындық жұмыстарын уақытылы жоспарлау;
13. Колледждің оқу-тәрбие процессін бөлімдерде, топтарда ұйымдастыру және іске асыруына қатысу;
14. Ұжымда студенттің шығармашылық, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу
15. Жастардың патриоттық тәрбиеге баулу.

# СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

## I. Жалпы ережелер

1.1 Студенттік парламентінің қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – ереже) студенттік өзін – өзі басқару өкілеттігі -студенттік парламенттің мақсатын, міндеттерін, құрылымын, қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1.2 Студенттер парламенті жастардың маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған студенттік өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.

1.3 Студенттік өзін– өзі басқару өкілеттігі – студенттік парламент (бұдан әрі-Парламент) білім алушылардың мүдделерін, тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші өкілеттілік ретінде колледж студенттерінің бастамасы бойынша құрылады және осы Ереже негізінде әрекет етеді.

1.4 Әрбір білім алушы осы Ережеге сәйкес сайлауға және Парламент белсенділер тізіміне сайлануға құқығы бар.

1.5 Студенттік Парламентінің жұмысын Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қадағалайды.

**Парламент қызметтері**

- СП мамандарының қызметіне басшылық ету;
- Парламенттің міндеттеріне сәйкес келесі қызметтерді жүзеге асырады:
- Студенттік өмірдің барлық бағыттарын үйлестіру бойынша шараларды өңдейді, қабылдайды және жүзеге асырады.
- Колледжт студенттерінің әлеуметтік-құқықтық қорғалуына қатысады.
- Студентік өмірдің барлық салаларын үйлестіру бойынша шараларды қабылдайды, және жүзеге асырады;
- Колледж Кеңесіне белсенді қоғамдық және ғылыми жұмыстары үшін студенттерді марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді;
- Баяндалған мақсаттарға сәйкес басқа да міндеттердің орындалуын жүзеге асырады;

**Парламент қызметтерін қамтамасыз ету**

- Қызметтерін жүзеге асыру үшін Парламент басшылығының құқығы бар:
- Жұмысқа студенттік ұйымдарды, колледждің жеке студенттерін тарту.
- Оған келген ақпараттарды оқуға, талдауға және қабылдауға.
- Колледж басшыларының сұрақтарын тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

**Парламент жұмысының тәртібі**

- ✓ Парламент жоспар бойынша жұмыс істейді. Жиналыстар айына кемінде бір рет өткізіледі. Жиналысқа Парламент мүшелері қатысуы міндетті.
- ✓ Жиналысты Парламент президенті, ал ол болмаған жағдайда - орынбасары басқарады.
- ✓ Парламент мәжілісінің хаттамасын хатшы жүргізеді.
- ✓ Жиналыс хаттамасы жиналыс төрағасының және хатшының қолымен жасалады.
- ✓ Парламенттің отырыстары ашық болады.
- ✓ Парламент мәжілісінің шешімдерін жиналысқа қатысқандардың көпшілігі қабылдайды. Парламенттік жиналыс қатысушылардың көпшілігі қатысқан жағдайда жарамды. Парламент мәжілісінің шешіміне Парламент Президенті, ал ол болмаған кезде орынбасары қол қояды. Парламент мүшесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда жазбаша түрде өз пікірін білдіруге құқылы, содан кейін ол мәжіліс хаттамасына міндетті түрде енгізіледі.
- ✓ Парламенттің ұсыныстары, қажет болған жағдайда, колледж бойынша бұйрықтар мен нұсқаулармен жүзеге асырылады.
- ✓ Парламент жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін әртүрлі ақпарат құралдары, оның ішінде студенттік өзін-өзі басқару қызметі туралы стендтерді пайдаланады.

**Студенттік Парламенттінің құрылымы:**

- Президент
- Ақпарат фракциясы
- Спорт және салауатты өмір салты фракция
- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология)
- Қамқорлық фракция (еріктілер);
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық)
- Дебат қозғалысының фракциясы
- Экология және еңбек фракциясы

- Студенттік Парламент жиналысында колледж жастарына қатысты барлық мәселелер қарастырылады.
- Топ старостары жылында 2 рет есеп береді.